ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20.01.2010 № 62/2

**Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 14 сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнының атауын өзгерту және әділет органдарында қайта тіркеу туралы**

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы», 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру туралы», 2002 жылғы 11 шілдедегі «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңдарына сәйкес Павлодар қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 14 сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнының атауы Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған түзетулік үлгідегі № 14 бала бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Мемлекеттік кәсіпорын) болып аталсын.
2. Мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер енгізілсін.
3. Мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына енгізілген қоса беріліп отырған өзгерістер бекітілсін.
4. Мемлекеттік кәсіпорын әділет органдарында заңнамада белгіленген тәртіппен Мемлекеттік кәсіпорынның қайта тіркелуін қамтамасыз етсін.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А. М. Қанафинаға жүктелсін.

**Павлодар қаласының әкімі** **Б. Жоламанов**

№ 004986